



Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru



Облыс орталығында ел Президенті атынан
«Ғажайыпқа толы Жаңа жыл» атты
балаларға арналған дәстүрлі шырша мерекесі
өтті. Ертеңгілікке облыс орталығынан және
аудандардан үздік өнерлі, қабілетті, білім
бәсекелерінде жетістікке жеткен
200-ге жуық оқушы қатысты.
Бүлдіршіндерге Мемлекет
басшысы Қасым-Жомарт
Кемелұлының
құттықтауы мен естелік
сыйлықтары табысталды.
Балаларды Жаңа жыл
мерекесімен облыс әкімі
Нұрлыбек Нәлібаев құттықтады.



ШАТТЫҚҚА ТОЛЫ ШЫРША ТОЙЫ

– Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлының өздеріңізге арнаған жаңа-жылдық құттықтауы, сыйлықтары мен ұмытылмас әсерлі сәттер сіздерге қуаныш пен шаттық сыйлады деп сенемін. Сіздер – тыныштық пен тұрақтылық орнаған Тәуелсіз Қазақстаннымыздың жарқын болашағысыздар. Ата-ананың ең үлкен мақсаты – баласын жақсы, адал азамат етіп өсіру. Ал мемлекетіміз бен қоғамның басты мақсаты – елге ие болатын білімді де отаншыл ұрпақ тәрбиелеу. Сіздердің лайықты өмір сүріп, жақсы білім алуларыңыз үшін жағдай жасау – біздің басты мақсатымыз. Президентіміздің бастамасымен «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының қабылдануы, «Келешек мектептері» ұлттық жобасының жүзеге асырылуы, «Білімді қолдау», «Қазақстан халқына» қорларының құрылуы – сіздердің игіліктеріңіз үшін жасалған нақты істердің айқын көрінісі. Өңірімізде жас ұрпаққа сапалы білім беру, спортқа, өнерге баулу

үшін барлық жағдай жасалуда. Бірер күннен соң халқымыздың жеті қазынасының бірі саналатын Жылқы жылын жақсылықпен, жақсы үмітпен қарсы аламыз. Осындай жарқын сәтте сіздердің жүздеріңіздегі қуанышты көру еліміздің ертеңіне деген сенімімізді нығайтады. 2026 жылды көтеріңкі көңіл күймен қарсы алып, ата-аналарыңызды жақсы жаңалықтармен қуантыңыздар. Жаңа жылда армандарыңыз орындалып, Тәуелсіз елімізбен бірге өсіп-өркендей беріңіздер! – деді Н. Нәлібаев.

Мерекелік шыршада Желаяқ, Күншуақ, Тәттібек, Люми сияқты кейіпкерлер қойылымдар ұсынды. Ертегілер еліне саяхат жасаған оқушылар Жаңа жыл мерекесін керемет тойлады.

Президент шыршасы – игі дәстүр. Бұл мереке балаларға қуаныш, ұмытылмастай әсер сыйлады.

«Ақмешіт-ақпарат»

БАҚЫТҚА БӨЛЕГЕН КҮН

Осы аптада Асқар Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде қала әкімінің бүлдіршіндерге арналған «Сықырлы Жаңа жыл» жаңа жылдық шыршасы кеш өтті. Мерекеге жиналған балалардың жүзінен шаттық пен қуаныштың лебі сезіледі. Бірі ертегі кейіпкерлерінің кейінде келсе, енді бірі әсем көйлектерін киіп, ерекше дайындықпен келген. Мәдениет үйінің іші де ертегі әлеміндей ғажайып мекенге айналды.



Сән-салтанаты жарасқан мерекелік кешке оқуда озат, спортта, өнерде үздік нәтиже көрсетіп жүрген оқушылармен қатар, көпбалалы отбасылардың балалары да арнайы шақырылды. Бұл мерекенің мазмұнын байытып ғана қоймай, балаларға теңдей қуаныш сыйлаған игі бастама болды. Мерекелік кеште Аяз ата мен Ақшақар бүлдіршіндерге арнап қоржындарынан тәтті сыйлықтарын үлестіріп, олардың мерекелік көңіл күйін көтерді. Сонымен қатар Өнер мектебі жанынан құрылған «Балбұлақ» би ансамблі мен оқушылар сарайының балалар би үйірмесі кештің көркін қыздырды. Жаңа-жылдық кеште қала әкімі Нұржан Ахатов бүлдіршіндерді санаулы күндерден соң табалдырықтан аттайтын Жаңа жыл мерекесімен құттықтап, ізгі тілегін білдірді.

– Аяулы жас достар! Өрбір шаңыраққа шуағын шашып, жылу болып тарайтын шыррайлы сәтіміз – Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Жаңа жыл – бүкіл адамзат асыға күтетін, әсіресе балалар үшін ерекше мейрам. Быыл жылдағы дәстүрмен жасыл шырша жанына жиылып, сәттілік пен жетістіктерге, есте қалар естеліктерге толы Жылан жылын шығарып салып, келе жатқан Жылқы жылына жақсы тілек арнаймыз. Қымбатты балалар, Тәуелсіз еліміздің болашағын сеніп тапсыратын үкілі үмітіміз сіздер!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы, ел үкіметі, аймақ басшысы әрбір баланың ақылды да алғыр, зерделі де зерек, білімді болып өсуі үшін барлық жағдайды жасауда. Ел Президентінің тапсырмасымен Қазақстанның түкпір-түкпірінде, біздің қаламызда жаңа мектептер, білім беру нысандары ашылып, көптеген ойын алаңы салынууда. Қаламызда «Жайлы мектеп» ұлттық жобасымен 5 мектеп ашылып, шәкірттерді қабылдады. Дарынды балаларға арналған 400 орындық физика-математика мектеп-интернаты білім алушылар үшін есігін айқара ашты. Инновациялық шығармашылық орталығымен заманауи үлгідегі «Оқушылар сарайы» пайдалануға берілді. Құрметті оқушылар, бұл игіліктің бәрі сіздер үшін! Өздеріңе Мемлекет басшысы, ата-аналарыңыз, қоғам сенеді. Сондықтан ата-аналарыңды, ұстаздарыңды құрметтеп, оқуда озат, спортта, өнерде жеңіс тілеймін. Келер жылы барлық армандарың орындалсын. Қазақ елін әлемге танытып, өсіп-өркендеуіне аянбай үлес қосып, азамат болып қалыптасуларына шын жүректен тілектеспін. Бәріңе бақытты балалық шақ, жарқын болашақ тілеймін. Жаңа жыл құтты болсын! – деді қала әкімі.

Жаңажылдық кеште бүлдіршіндер би билеп, ән салып Аяз ата мен Ақшақардың сыйлықтарына ие болды.

Айдана БАХТИЯР

САМОКАТ ДӘУІРІ АЯҚТАЛДЫ МА?



«Апталықтар» қолжазба

Қала көшелеріне қадам бассаңыз болғаны, көлік ағынымен қатар жүйтікпен электр самокаттардан көз сүрінеді. Әсіресе жастар арасында танымал бұл көлік түрі соңғы жылдары күнделікті тіршіліктің бір бөлшегіне айналғандай. Өзі ыңғайлы әрі жылдам көрінгенімен, самокат айдау мәдениеті мен жол ережесін сақтау мәселесі қоғамда алаңдаушылық туғызып отыр. Кейде самокатты басқару техникасын толық меңгермегендер

де жолға шығып, өзіне де, өзгеге де қауіп төндіруде. «Жол қателікті кешірмейді» деген сөз осындайда еске түседі. Бір сәттік бейқамдық орны толмас өкінішке әкелуі әбден мүмкін. Бұл мәселе заң шығарушы биліктің де назарынан тыс қалған жоқ. Жол-көлік оқиғаларының алдын алу, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Сенат депутаттары жаңа заңды қолдады.

2-БЕТТЕ

МӘСЕЛЕ



Бүгінде барша жұрт Жаңа жыл мерекесіне дайындық үстінде. Бұл мереке адамдардың көңіл күйін көтеріп, тосын сыйларға толы болады. Ал балалар үшін Жаңа жылдың сәні – отшашулар. Пиротехникалық бұйымдарға бала түгілі үлкендер де қызығып сатып алады. Көздің жауын алатын түрлі отшашулар дүкен сөрелерінде толып тұр. Алайда оның пайдасынан зияны көп екенін де ұмытпаған дұрыс. Сондықтан да пиротехника бұйымдарын қолданарда қауіпсіздік талаптарын сақтау маңызды.

2-БЕТТЕ

СҰХБАТ

Цифрлық дәуірде балалардың кеш сөйлеуі қоғамды алаңдататын сұраққа айналып отыр. Телефоннан көрген мультфильм тілінде сөйлеп, солардың ым-ишаратын қайталағаны қызық құбылыс. «Қазір кейбір балалардың тілі неге кеш шығады? Ата-аналар нені ескеруі тиіс?» деген өзекті сұрақтың жауабын «Inclusive» орталығының логопед-дефектолог маманы Аружан Ғанибекқызы сұхбат барысында айтты.

ТЕЛЕФОН БАЛАНЫҢ ДАМУ ҚҰРАЛЫНА АЙНАЛМАУЫ ТИІС



– Қазір балалардың тілі кеш шығуына шынымен, телефонды көп қолданудың әсері бар ма?

– Иә, тікелей әсері бар. Бұл – ғылыми тұрғыда дәлелденген факт. Телефон мен планшет баланың адаммен көзбе-көз қарым-қатынасын азайтады. Сондай-ақ естіп қайталайтын белсенді сөйлеуін тежейді, мидың сөйлеуге жауапты аймағының дамуын баяулатады. Бала экраннан тыңдайды, бірақ жауап бермейді, ал сөйлеу дәл осы «тыңдау + жауап беру» процесінде дамиды. Сондықтан 2-3 жасқа дейін телефонды жиі қолдану тілдің кешігуінің ең жиі себептерінің бірі болып отыр. Қазіргі таңда логопедтер мен дефектологтарға жүгінетін ата-аналардың басым бөлігіндегі ортақ мәселе баланың ерте жастан телефон, планшетке үйренуі. Экран баланың тілін тікелей дамытпайды, себебі ол баладан жауап, диалог талап етпейді. Соның салдарынан сөздік қордың қалыптасуы баяулайды, сөйлеуге деген қажеттілік төмендейді. Әсіресе 0-3 жас аралығында экранға жиі қарау тілдің кеш шығуын бірнеше есе арттырады.

3-БЕТТЕ

Баспасөз-2026

**АҒАЙЫН,
«АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА»
ЖАЗЫЛДЫҒЫЗ БА?**

Баспасөзге 2026 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу жүруде.
Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңізге жазылуды ұмытпаңыз.
Жекелер үшін
6 айға – 4000 теңге,
мекемелер үшін – 5000 теңге.
Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар:
40-05-81, 70-14-08.

АУЫЛ ЖАЙЫ – БАСТЫ НАЗАРДА

Қызылорда қалалық мәслихатының кезектен тыс XXXXVI сессиясы өтті.

Сессияның күн тәртібінде «2026-2028 жылдарға арналған қалаға қарасты кент және ауылдық ауылдық округ бюджеттерін бекіту», «2025-2026 жылдарға арналған Қызылорда қаласына қарасты кент және ауылдық округтердің бюджеттерін бекіту» Қызылорда қалалық мәслихатының 2024 жылғы желтоқсандағы шешімдеріне өзгеріс енгізу туралы мәселелері талқыланды.

Сессияда қалалық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Гүлнар Баймаханова ауылдарға бөлінетін қаржы туралы ақпарат берді.

Бюджет жобасына сәйкес Қызылжарма, Қарауылтөбе, Ақсуат ауылдық округіне жарық шамдар орнатуға, елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру жұмыстарына, қураған ағаштарды кесуге және аяқсу



айдайтын насостарды және спорт алаңдарын күтіп ұстауға бағыттау жоспарланды. Сонымен қатар ауылдық округтерде автомобиль жолдарын салу және реконструкциялауға қаржы бөлінеді.



Сессияның күн тәртібіндегі мәселелерді қарау барысында депутаттар тарапынан бірқатар ұсыныстар айтылды. Талсуат, Қызылөзек, Ақсуат ауылдық округтеріндегі аяқсу мәселесін шешу, қоғамдық көліктердің қатынауын жиілету, «Жол картасы» бағдарламасына енгізілген Белкөл кентіндегі мәдениет үйіне күрделі жөндеу жүргізу мен аяқсу жеткізу мәселесі туралы ұсыныспікірлер айтылды. Сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балалардың қоғамдық іс-шараларға қатысуын қамтамасыз ету үшін қаржы қарастыру мүмкіндігі талқыланды.

Думан КЕҢШІЛІК

Отшашу үшін айыппұл төлейсіз

Ішкі істер министрінің орынбасары Санжар Әділов жаңа жыл қарсаңында және тойлау кезінде қандай фейерверктер үшін айыппұл салынатынын мәлімдеді. Бұл жайлы ол Мәжіліс кулуарында тілшілердің сұрағына жауап бергенде айтты. Санжар Әділовтің сөзіне сүйенсек, шағын әрі қауіпсіз отшашуларға тыйым салынбайды, ал қауіпті пиротехника үшін әкімшілік жаза қарастырылған.

– Ауланың тазалығына нұқсан келтірмейтін, азаматтарға қауіп төндірмейтін шағын отшашуларға кедергі жоқ. Дегенмен азаматтардың өміріне, денсаулыққа және мүлікке қауіп төндіретін, аумақты ластайтын тыйым салынған пиротехника үшін әкімшілік жаза қарастырылған, – деді С.Әділов.

ІІМ жыл сайын Жаңа жыл кезінде жарақат алу және өрт шығу қаупі артаатынын ескертіп, тұрғындарды рұқсат етілген пиротехниканы ғана қолдануға шақырды.

Айта кетейік, 2026 жылдан бастап тыныштықты бұзғандар қадағалауа болады. Атап айтқанда, фейерверкті балконнан, терезеден, не тұрғын үйлерге, ағаштар мен сымдарға жақын жерден атуға тыйым салынады. Тәртіп бұзғандар 86 500 тенгеге дейін айыппұл төлейді.

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, 2025 жылдың қаңтар айынан қараша айына дейін елімізге 413 тонна фейерверктер импортталған. Олардың ішінде қақпақтар, фонтан, батарея салюттары, бенгалдық оттар, түрлі түсті түтін, жер үсті отшашулар және тұрмыстық пиротехника заттары бар.

Жедел профилактикалық іс-шара өтуде

Ішкі істер министрінің нұсқауымен 2025 жылдың 5 желтоқсанынан – 2026 жылдың 3 қаңтары аралығында республика көлемінде «Пиротехника» жедел профилактикалық іс-шарасы өтуде. Іс-шараның басты мақсаты – заңды және жеке тұлғалардың пиротехникалық өнімдерді сақтау, сатып алу, тасымалдау тәртібінің сақталуын тексеру, сертификатталмаған өнімді жеткізушілерді анықтау, осы өнімдердің салдарынан болатын төтенше жағдайлардың алдын алу болып табылады. Қазіргі таңда облыс көлеміндегі базарлар

Басы 1-бетте

мен ірі сауда орталықтарында Қызылорда облысы полиция департаментінің Әкімшілік полиция басқармасы мен Төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлерімен бірлесіп рейдтік іс-шаралар атқарылуа.

Облыстық полиция департаментінің мәліметіне сүйенсек, іс-шара барысында барлығы 20 әкімшілік құқық бұзушылық анықталып, 128 дана пиротехникалық бұйымдар тәркіленген. Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасуда.

– Пиротехникалық бұйымдарды дұрыс қолданбау адам өмірі мен денсаулығына

ереже талаптарын сақтамаған азаматтарға тиісті заң талаптарына сәйкес шара қолданылады.

– Мереке кезіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында департамент тарапынан кәсіпкерлік нысандарда қауіпсіздік шаралары насихатталып, әдістемелік көмек көрсетіледі. Осы орайда, облыс тұрғындары мен кәсіпкерлеріне жаңа жыл мерекесін атап өту және пиротехникалық бұйымдарды қолдану барысында қауіпсіздік шараларын сақтауды сұраймыз. Атап айтқанда, балаларға



үлкен қауіп төндіреді. Қауіпсіздік талаптары сақталмаған жағдайда отшашулар мен түрлі жарылғыш заттар ауыр жарақаттарға, өрттің шығуына және түрлі қайғылы жағдайларға себеп болуы мүмкін. Сондықтан облыс көлеміндегі базарлар мен ірі сауда орталықтарында облыстық полиция департаментінің әкімшілік полиция басқармасы және төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлерімен бірлесіп рейдтік іс-шаралар жүруде, – деді облыстық ПД Қоғамдық қауіпсіздік басқармасы бастығының орынбасары Сәбит Сатқанбай.

Қауіптің алдын алу маңызды

Сонымен қатар сертификатсыз, лицензиясыз пиротехникалық жарылғыш заттар мен фейерверктерді сатқан кәсіпкерлерге және

пиротехниканы өз бетінше іске қосуға рұқсат етпеңіз және қаптамадағы нұсқамаларды мұқият оқып шығып, пиротехниканың жарылуы кезінде қашықтықты сақтаңыз. Ғимарат ішінде пиротехникалық бұйымдарды ашық және от қаупін тудыратын басқа да бұйымдарды қолданбауы, пиротехникалық бұйымдардың саудасын тек қана ішкі істер органдарынан алынған рұқсат негізінде ғана жүзеге асыруды сұраймыз, – деді облыстық ТЖД Мемлекеттік өрт бақылау басқармасы бастығының орынбасары Арман Дастенов.

Қазірдің өзінде көшеде тарс-тарс шартылдықтардың атылып жатқан дауысы естіледі. Сондықтан да балаларды қадағалау маңызды. Қауіпті тауарды сатып алмауға үйрету әрбір ата-ананың міндеті. Иә, отшашулар Жаңа жыл кешінің сәні. Дегенмен сақтық бәрінен маңызды.

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

Заңдағы басты жаңалықтың бірі – жалға берілетін электр самокаттарды пайдалану тәртібінің қатаңдатылуы. Енді электр самокаттар ресми түрде көлік құралдары санатына енгізіледі. Бұл өз кезегінде жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыруға бағытталған нақты қадамдардың бірі болмақ. Сонымен қатар электр самокаттарды жалға беретін заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті міндетті сақтандыру талабы енгізіледі. Яғни, жауап-

айырылған тұлғалардың электр самокатты пайдалануына қатаң тыйым салынады. Статистика да бұл талаптың кездейсоқ емес екенін аңғартады. 2025 жылдың басынан бері елімізде электр самокаттардың әсерінен 372 жол-көлік оқиғасы тіркелген. Бұл – мәселенің өзектілігін айқын көрсететін дерек. Осы тұста біз де мәселенің мән-жайын анықтап көрдік.

Ең алдымен электронды самокаттардың бағасын тексердік. Мәселен, самокаттардың нарық-



САМОКАТ ДӘУІРІ АЯҚТАЛДЫ МА?

кершілік тек жүргізушіге емес, жалға берушіге де қатар жүктелмек.

Бұдан бөлек, электр самокаттарды жалға ұсынатын компаниялар мен кәсіпкерлерге бірқатар қосымша міндеттемелер қарастырылған. Атап айтқанда, әрбір электр самокат арнайы есепке алынып, тіркеу нөмірі тағайындалып, ол құрылғының өзіне орналастырылуы тиіс. Сондай-ақ самокатты пайдаланушылардың жеке басын анықтау, олардың жарамды жүргізуші куәлігінің бар-жоғын және көлік басқару құқығынан айырылмағанын мемлекеттік ақпараттық жүйелер арқылы тексеру міндеті жүктеледі. Ең маңызды талаптардың бірі – 18 жасқа толмаған, жүргізуші куәлігі жоқ немесе көлік басқару құқығынан

Басы 1-бетте

тағы бағасы 350 мың теңгеден басталады. Әрі қарай бұл баға қымбаттамаса арзанға түспейді. Алайда қызық қуып самокатқа мініп, опық жеп қалғандар да аз емес. Дәрігерлердің айтуынша, самокат айдағандар жасаған жол апатының салдары кей жағдайда көлік апатынан кем түспейді екен.

– Самокат тегбуге әуес жандардың басым бөлігі – жастар. Алайда олардың көбі жолда жүру техникасын толық меңгермеген. Ауруханаға кейде самокаттан құлап, аяғын шығарып алғандар жиі түседі. Ауыр жарақат алғандар да баршылық. Байқаусызда ағашқа не жолдағы кедергіге соғылып, қатты жарақаттанған жағдайлар да кездеседі. Сондықтан самокат ойыншық емес. Сол себепті барынша сақтық танытқан жөн. Бір сәттік қызық үшін эмоцияға бой алдырмау қажет, – дейді

дәрігер Жадыра Аяпова.

Құқық қорғау органдарының өкілдері самокат айдайтындар үшін заң қажет дейді.

– Жаңа заң біз үшін де тиімді болмақ. Қазіргі таңда қоғамда жол-көлік оқиғалары жиі тіркеліп отыр. Самокатпен дйттеген жеріңізге жылдам жетуге болады. Алайда бұл бейқамдыққа жол беруге себеп емес. Самокат айдағанда да қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтау қажет. Себебі самокат та көлік құралы. Адам өмірі маңызды. Сондықтан әрбір жүргізуші жолдағы жауапкершілікті сезінуі тиіс, – дейді Қызылорда ҚІП-ның инспекторы полиция аға лейтенанты Айымжан Қоңыртай.

Ата-аналар да жаңа заңды қолдап отыр. Себебі балалар үшін алаңдайтынын жеткізді.

– Самокатты тек 18 жастан асқандарға ғана жүргізуге рұқсат беру орынды шешім. Қазір кәмелет жасына толмағандар да қызық көріп, жүйткіп жүр. Шыны керек, бұл жағдай бізді алаңдатады. Өзім алты баланың анасымын. Әрдайым балаларыма самокаттың қауіпті екенін айтып, ескертіп отырамын. Дегенмен бала сыртқа шыққан соң не істей жүргенін толық қадағалау әрдайым мүмкін бола бермейді. Ал жаңа заң жасөспірімдерді де жауапкершілікке үйретеді, сақтыққа шақырады. Сондықтан заң – қоғамды тәртіпке келтіретін, жауапкершілікті арттыратын маңызды тетік, – дейді алты баланың анасы Гүлсім Әбілдаева.

Осылайша, қоғамда кеңінен таралған самокат айдау мәдениеті жаңа кезеңге аяқ басқалы тұр. Ендігі жерде қоғам үшін тәртіп пен жауапкершілік алдыңғы орында болуы тиіс. Самокат дәуірі аяқталды деу қиын, алайда оны пайдалану талабы айтарлықтай күшейетіні анық. Бұл өзгерістер ең алдымен адам өмірі мен жол қауіпсіздігін қорғауға бағытталған маңызды қадам.

Айдана БАХТИЯР

ЖҰМЫС пен ҮЙ АРАСЫ...

«Жұмыс, жұмыс»... «Жұмыстамын, қолым тимейді». Сізге таныс сөз бе?! Кейде өмірде жұмыстан басқа маңызды ешнәрсе жоқтай көретініміз шыныдақ. Әрине, табыс табу жақсы өмір сүру кепілі екені даусыз. Дегенмен жұмысбастылықтың да зияны бар екен. Ағылшын тіліндегі

«Work-life balance» концепциясы жұмыс пен жеке өмір арасындағы тепе-теңдікті сақтау дегенді білдіреді.

Бұл концепция бойынша өмірде әрбір адамда жеке өміріне жұмыстан бөлек жеткілікті уақыт қалуы тиіс. Халықаралық еңбек ұйымының ұсынысы бойынша әрбір адамның жұмыс уақыты аптасына 40 сағатты құрау керек. Қазақстанда жұмыс істейтіндердің 80,2 пайызы аптасына 36-40 сағатын жұмысқа арнайды екен.

Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сүйенсек, биылғы жылдың үшінші тоқсанындағы есеп бойынша аптасына 41 сағатын жұмысқа арнайтындар саны 1,3 млн, бұл елдегі жұмыс істейтіндердің 14,4 пайызы. Бұлардың басым бөлігі жалдамалы жұмысшылар болса, 31,1 пайызы өзін-өзі жұмыспен қамтығандар. Ұлттық статистика бюросы мұндай зерттеуді жыл сайын жүргізеді. Бір байқалғаны, соңғы жылдары жұмысқа көп уақытын арнайтындар саны азайып келеді екен. Мәселен, 2019 жылы жұмыс істейтіндердің 20 пайызы немесе 1,8 млн адам жеке өмірден гөрі жұмысқа көбірек уақыт бөлген. Демек, адамдар уақытты тиімді пайдалануды үйреніп келеді деуге болады.

Көп уақытын жұмысқа арнайтын адамдардың уақытын есептеп көрейік. Ұлттық статистика бюросының өткен жылғы үшінші тоқсандағы мәліметіне сүйенсек, қазақстандықтардың 86 пайызы бір аптаның 41-49 сағатын жұмысқа арнаған. Демек, олар үнемі жұмыстан кеш қайтады немесе 9 сағаттан көп жұмыс істейді. Бұл санаттағылардың 9 пайызы аптасына 50-59 сағатын жұмысқа арнайды екен. Яғни олар күніне 10-11 сағаттан аса жұмыс істейді. Сондай-ақ қазақстандықтардың 6 пайызы аптасына 60 сағатын жұмысқа арнайды екен. Тағы бір атап айтарлығы, сауда, өнеркәсіп, құрылыс саласында жұмыс істейтіндер уақытының көп бөлігін жұмыста өткізеді. Ұлттық статистика бюросының биылғы жылдың үшінші тоқсанындағы мәліметке сүйенсек, сауда саласында жұмыс істейтіндердің 27,7 пайызы (371,4 мың адам) бір аптадағы 41 сағатын жұмысқа арнайды екен. Екінші орында өндіріс саласында еңбек ететіндер. Одан кейін көлік және логистика саласы тұр. Сондай-ақ коммуналдық сала мамандары, қаржы, ақпарат және байланыс саласында жұмыс істейтіндер уақытының көп бөлігін жұмысқа арнайды. Бір қызығы, жұмысқа көп уақыт бөлетіндер бастықтар емес, қатардағы қызметкерлер екен. Тағы да статистикаға сүйенсек, басшылар мен мемлекеттік қызметкерлер арасында аптасына 41 сағатын жұмысқа арнайтындар жалпы жұмыс істейтіндердің 6,2 пайызы ғана. Ал жұмысқа көп уақыт бөлетін 1,3 млн адамның 83,7 мыңы басшылар мен мемлекеттік қызметшілер. Оның ішінде жоғары лауазымды тұлғалар, құқық қорғау және мемлекеттік қызметшілер 1,4 мың адамды құрайды.



Ұлттық статистика бюросы мәліметіне сүйеніп, шамадан тыс жұмыс істеудің себебін де байқауға болады. Өткен жылдың үшінші тоқсанында көп жұмыс істейтіндердің 60 пайызы жұмыс берушінің талабымен жұмыстан кеш қайтуға мәжбүр болған. Сондай-ақ жұмыстан кеш қайтатындардың 10,1 пайызы өндіріс жағдайына байланысты жұмыстан кеш қайтса, 23 пайызы көп табыс табу үшін көбірек жұмыс істеген. Көп жұмыс істеп көбірек табыс тапқысы келетіндер саны жағынан ауыл тұрғындары екен. Яғни ауыл тұрғындарының 28 пайызы көп жұмыс істеп, жақсы табыс тапқысы келеді екен. Бұл – статистика мәліметі. Әрине, статистикаға ілінбеген қаншама қарбалас тіршілік кейіпкерлері аз емес. Жақсы табыс табу үшін бірнеше жұмыс істейтіндер аз емес. Сонымен қатар жұмыстан келіп, жұмысын үйде жалғастыратын мамандық иелері бар. Мәселен, мұғалімнің үйге келіп қағаз жазуы, журналистің түнгі тыныштықта мақала жазуы түн ұйқысын ұрлайтыны шындық. Қазір психологтар «өз уақытым» дегенді көбірек насихаттап жүр. Әр адамның жұмыс, үй тірлігінен бөлек өзіне уақыт қалуы тиіс. Яғни асықпай кофеіні ішіп, ойын жүйелейтін, сүйікті ісімен айналысатын сәті. Бұл – адамды қарбалас тірліктен бір сәт босатып, өзін тыңдауға арналған уақыт. Бір сәт тоқтап, кофеңді қолыңа алып, газет-журнал, кітап оқу, түйгендеріңді қағазға түсіру адамға бақыт сыйлайды екен. Өзіңізге осындай бақыт сыйлап жүресіз бе?

Тағы да қарбалас тіршілік иірімімен асығып кетіп барамыз...

Гүлбибі МҰРАТ

– Ата-ана баласының тілі кеш шығып жатқанын дер кезінде білуі үшін қандай кеңес бересіз? Бала қай жастан бастап сөйлемесе, алаңдау керек?

– Ата-ана ең алдымен жас мөлшерін білуі керек: 1 жас: былдыр сөздер, «ма-ма», «ба-ба», ыммен көрсету, 1,5 жаста кемінде 10-20 мағыналы сөз, ал 2 жаста екі сөзден құралған тіркестер «ана, бер», «әке, кел», 3 жасқа келгенде қысқа сөйлемдер, бөтен адам түсінетіндей сөйлеу. Алаңдайтын белгілері: 2 жасқа келсе де бір сөз айтпайтын, атын атап шақырғанда жиі жауап бермейді, ыммен ғана түсіндіреді, сөйлеуге ұмтылмайды, телефонды жақсы түсінеді, бірақ адаммен байланысқа құлықсыз. Мұндай жағдайда «өзі сөйлеп кетеді» деп күтпеу керек.

– Мұндай балаларды сөйлету үшін үй жағдайында қандай әдіс-тәсілдерді қолданған дұрыс?

– Үй жағдайында ең тиімді тәсілдер: Телефонды азайту немесе алып тастау, балаға бетіне қарап, анық, баяу сөйлеу. Сонымен бірге «Қазір киінеміз», «Қасықпен жейміз» сияқты сөздерді дыбыстап күнделікті әрекетті айтып отыру. «Сұрақ қою + күту» әдісін

жуу, қамыр илеу, ойыншықты бірге жинау. Қорап, қасық, мата сияқты қарапайым заттардан ойын жасау. «Бұл не?», «Қайда кетті?» деген сияқты баламен диалогқа негізделген ойындар ойнау. Телефонды бірден алып қою әрдайым тиімді бола бермейді. 3 жасқа дейін телефонды мейлінше шектеу, ал кейінгі жаста мазмұнын қадағалап, уақытын белгілеу қажет. Телефон баланың негізгі даму құралына айналмауы тиіс, оның орнына қарым-қатынас, ойын алмастыру керек. Бала телефонды емес, ата-ананың назарын қалайды.

– Балаға «ыммен» немесе жартылай сөздерді айтып түсіндіретінімізді білеміз. Бұл баланың ұғымдарды қабылдауына кері әсер етуі мүмкін бе, әлде балаға басынан толық сөйлемді айтып дағдыландырған жөн бе?

– Иә, ұзақ уақыт ыммен сөйлеу кері әсер етуі мүмкін. Бала тек ыммен түсіндіріп үйренсе, сөйлеуге ынталанбайды. Жартылай айтқан сөзді ата-ана қабылдай бергендіктен толық сөз айтуға ынталанбайды. Ең дұрысы, бала айтқанды толық сөзбен қайталауы керек. «Машина жүрді» деген сияқты қарапайым, бірақ дұрыс сөйлеммен сөйлеу. Балаға

ТЕЛЕФОН БАЛАНЫҢ ДАМУ ҚҰРАЛЫНА АЙНАЛМАУЫ ТИІС



пайдалану. Ескерте кететін жайт, сұрақ қойып баланың орнына өзің жауап бермеу. Қайталану емес, үлгі көрсету. Мысалы бала: «ма» десе, Анасы: «Су керек пе?» деп айтқан дұрыс. Кітапты суретпен бірге оқу, ән, тапқақ, саусак ойындарын ойнау. Маңыздысы – күніне 10-15 минут болса да тұрақты тілдік қарым-қатынас.

– Қоғамда қызық құбылыс бар. Кей бала интернеттегі ақпаратты қай тілде қабылдаса, сол тілде тілі шығады. Мысалы, ата-анасы орысша сөйлемесе де баласының тілі орысша немесе ағылшынша шығатынын көреміз. Бұл жүре түзелетін олқылық па, әлде мұндай баланы арнайы мамандарға апару керек пе?

– Бұл – қазіргі заманның жиі кездесетін құбылысы. Бала қай тілде көбірек эмоция қабылдап, жиі естісе сол тіл белсендірек дамиды. Егер бала екі тілде де түсінсе, сөйлеу қабілеті болса, қорқынышты емес, жүре түзеледі. Бұл құбылыс қазіргі заманда жиі кездеседі және бірден патология деп бағаланбайды. Алайда ана тілі толық қалыптаспай тұрып, шет тілінің басым болуы баланың тілдік жүйесін шатастырып, сөйлеу дамуын баяулатуы мүмкін. Мұндай жағдайда маман кеңесі артық болмайды. Ал егер ана тілінде сөйлеуі кешігіп жатса, әлеуметтік қарым-қатынасы әлсіз болса, логопед, дефектолог, психологқа көрсету қажет. Мәселе сөйлеу дамуының тежелуінде болуы мүмкін.

– Балаларға телефон ұстатпау керек деп айту оңай. Алайда баланың көңілін бұзбай, жылатпай, назарын телефоннан басқа нәрсеге қалай аударуға болады?

– Телефонды бірден алып қою дұрыс шешім емес. Оның орнына бірге ойнау, жалғыз қалдырмау. Қарапайым тұрмыстық ойындар ойнауға болады. Мысалы, ыдыс

дұрыс тілдік үлгі керек, сонда ғана миы оны қабылдап, қайталайды.

– Экранға тәуелділік пен қарым-қатынастың азаюы сөйлеу дамуын қалай тежейді?

– Сөйлеу тілі қарым-қатынас арқылы дамиды. Есту, көру, жауап беру, эмоция алмасу. Экранға тәуелді бала көбіне тыңдаушы күйінде қалады, ал сөйлеу үшін белсенді әрекет қажет. Адаммен көзбе-көз сөйлеспеген бала дыбысты қайталауға, сұрақ қоюға, жауап беруге ынталанбайды. Нәтижесінде сөйлеу орталығы толық іске қосылмай, сөйлеу дамуы тежеледі.

– Ата-аналар баланың тілін дамыту үшін үй жағдайында не істеуі керек және экран уақытын қалай шектеуге болады?

– Ата-ана баламен күнделікті сөйлесуі керек. Кез келген әрекетті сөзбен түсіндіріп отыру, балаға сұрақ қою, жауап күту, кітап оқу, ән айту, тапқақ жаттау өте маңызды. Экран уақытын біртіндеп азайтып, оның орнына ойындар мен әрекеттерді көбейту керек. Телефонды баланы тыныштандыру құралы ретінде емес, сирек әрі қысқа уақытқа ғана қолданған жөн.

– Телефон көріп өскен баланың сөйлеуіндегі қандай белгілер ата-ананы міндетті түрде дефектологқа жүгінуге итермелеуі керек? Қай жаста қандай дағдылар қалыптасуы тиіс?

– Ата-ананы алаңдатуы тиіс белгілер: 1,5–2 жасқа келгенде мағыналы сөздердің болмауы; 2 жаста екі сөзден құралған тіркестердің айтылмауы; 3 жаста сөйлем құрай алмау; атын атағанда жауап бермеуі; ым-ишарамен ғана түсіндіруі; сөйлесуден қашқақтауы.

Бұл белгілер байқалса, уақыт жоғалтпай дефектологқа немесе логопедке жүгінген дұрыс.

– Сұхбатыңызға рахмет.

Сұхбаттасқан
Думан КЕҢШІЛІК



Дәстүрлі өнердің қасиетті ордасы

Облыстық филармония жанынан ашылған Жыраулар үйі бүгінде Сыр сұлейлерінің қасиетті қарашанырағына айналды. Ашылғанына небәрі бір жыл өтсе де, өнер ордасында жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар өнерпаздардың қатысуымен рухани іс-шаралар, дөңгелек үстел, түрлі тақырыптағы басқосулар жиі өтуде.

Өнерсүйер қауымды рухани тағылыммен сусындатып отырған құт мекен өз көрермендерімен көзайым болуда.

Бүгінде өз миссиясын жауапкершілікпен атқарып келе жатқан Жыраулар үйінде ғылыми-зерттеу жұмысы да жүргізілуде. Себебі көне дәуір күмбіріндей жетстандай жыраулардың дауысын ел ішінен жинап, қорға таспалауға да есепті еңбек етуде. Сыр өңіріндегі жыраулық дәстүрдің сақталуы мен ғылыми айналымға түсуін қамтамасыз ету мақсатында цифрландыру, мұрағаттау және зерттеу бағытында ауқымды жұмыс жүргізілуде. Мұнда музейлік зал, дыбыс жазу студиясы, цифрлық көр және зерттеу кеңістігі жұмыс істейді.

Жыраулар үйінің деректер базасында өңірден шыққан 150-ден астам жырау, 20-дан астам ірі жырышы-жыраулық әулеттер, бірнеше мектептің өкілдері мен фольклортанушы ғалымдардың өмірдері бар. Олардың мұрасының бір бөлігі ел арасында ауызша тарағанымен, XX ғасырдың ортасынан бастап магниттік таспаға, лентаға, кассетаға жазылып, бүгінге жеткен.

– Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың бастамасымен ашылған қасиетті мекен өнер сүйер қауымның құтты шаңырағына айналды. Бұл жерде жыраулар ән шырқаумен бірге мамандар ғылыми ізденіспен айналысады. Сол жұмыстың жемісі тұрғындардан жыр қорына бірнеше бірегей тарихи таспа мен магниттік ленталар тапсырылды.

Қазақ жыраулық өнерін ұзақ жыл зерттеген белгілі ғалым Анарбай Сағи-



ұлының жеке архивінен 1975 жылғы сирек магниттік лента қорға тапсырылды. Таспада 1982 жылы Алматыда жазылған Балқашбай Жүсіпов, Қасарбек Көрібаев, Алмас Алматыв, Бидас Рүстембеков, Шәмшат Төлепова секілді өнер майталмандарының дауысы бар. Бұл материалдар толық цифрлық өңдеуден өткізіліп, жыр қоры сақталған архивке енгізілді. Зайыр Рахатовтың немересі Әділ Сайлыбаев атасының сандығында сақталған 16 ленталы кассетаны қорға табыстады. Таспада Шәмшат Төлепова, Көшеней Рүстембеков, Орақ Дәнеркер, Мырзағали Ақжолов, Әбілаш Әбуов, Зайыр Рахатов секілді біртуар тұлғалардың сирек жазбалары бар. Бүгінде бұл жазбалар толық сарптаудан өткізіліп, дыбыс сапасы қалпына келтіріліп, цифрлық таспаға көшіру жұмысы аяқталуда. Бірқатар дауыстар бойынша жеке зерттеу жүргізіліп, сәйкестендіру жұмысы жалғасуда, – дейді жыраулар үйінің жетекшісі Амандық Қуандықұлы.

Бұған қоса, 2024-2025 жылдары студияда Сыр бойы жырауларының дыбыстық алтын қорының цифрлық мұрағатына эпостар, дастан-жырлар, тарихи жырлар, терме-толғаулар, жыраулардың әңгімелері сияқты 100-ге жуық шығарманы орындаушылардың өз аузынан жазып алған. Бұл қор – болашақта Сыр бойы жыраулық мектебінің толыққанды энциклопедиясы іспеттес ұлттық архивтің негізі болатыны белгілі. Музейі залында белгілі жыраулардың қолданған домбырасы, көне ленталар, түпнұсқа кассеталар, руна және араб қарпіндегі қолжазба көшірмесі, тарихи фотокор жинақталуда. Бұл залға келушілер жыраулық өнердің тарихымен танысады. Жыраулық дәстүрдің ЮНЕСКО-ға ұсынылатын дәлелді



материалдар топтамасын да осы жерден табуға болады. Бір сөзбен айтқанда, музей залы өңірдің рухани орталығына айналған.

Жыраулар үйінің жетекшісі Амандық Қуандықұлының айтуынша, жыл бойы мәдени іс-шаралар үзілмей ұйымдастырылып келеді. Мәселен, қазақ хандығының 560 жылдығына орай «Дәуірлердің дүбірі» атты жыр кеші болып, оған арнайы Ақтөбе қаласынан қонақтар, зиялы қауым өкілдері, жергілікті жыршы-жыраулар қатысқан. Тағылымды кеште талғамы жоғары көрерменге XV-XIX ғасырда өмір сүрген жыршы-жыраулар Асан қайғы, Доспамбет, Қазтуған, Шалкиіз, Жиенбет, Махамбет, Марқасқа, Бұқар жыраудың, Төле би, Тілеуке Құлекеұлы, Саршуаш ақындардың толғауларын Сыр еліне белгілі өнер өкілдері Әділхан Қуанбаев, Шолпан Бимбетова, Ақмарал Ноғайбаева, Руслан Ахметов, Тоғжан Өтенова, Бисенбек Төлеубаев, Бексұлтан Орынбасаров орындаған.

Сондай-ақ тұрмыс-салт жырының көне түрі бесік жыры насихатталып, «Әлди ән-жырым» атты шеберлік дәрісі өткен. «Ақ әжем – алтын қазынам» әжелер ансамблі арнайы қатысып, бесік жырының көне үлгісін көрерменге паш еткен.

Жыраулар үйі дәстүрлі жыраулық өнер өкілдерінің шығармаларын насихаттауды да қолға алуда. Өнерсүйер қауымға Нұртуған жыр мектебінің өкілі, белгілі жырау, «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері Айбек Тәңірбергегеннің шығармашылығындағы «Қира ат» тарихи дастанын шәкірті, жыршы, айтыскер-ақын, «Күміс домбыра» иегері Бексұлтан Орынбасар орындап, қалың елге ұсынса, Нартай әншілік өнерінің өкілі, ақын-жырау, әнші-композитор Құрманбек Бекпейісовті еске алу кеші өткен.

Сонымен қатар өнер ордасында жырау Марат Сүгірбай «Ақша бұлтты Ақтан батыр» атты концертімен көрерменге рухани кеш сыйлады. Дәстүрлі

өнердің дарабозы алқалы топ алдында Файзулла Омаровтың «Ақтан батыр» жырын жырлап, қазақтың бай мұрасын жаңғыртты.

Жырсүйер қауым жырау Р.Ахметовтің орындауындағы Нысанбай жыраудың «Кенесары-Наурызбай» тарихи дастанын тыңдап, сағ алғандай өнердің құдіретіне тәнті болған.

Жас буын өнерпаздармен де шығармашылық байланыс орнатқан қара шаңырақта Қазанғап атындағы музыкалық жоғары колледжінің жыршы студенттері Қарақат Өзтікәрі мен Аяулым Әбдумәжиттің шығармашылық жыр кеші өткен.

Ақын, әнші, композитор, өнер қайраткері Нартай Бекежановтың туғанына 135 жыл толуына орай тағылымды жыр кеші ұйымдастырылған. Нартай жыр мектебінің белді өкілдері – ҚР

«Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері А.Ноғайбаева, Р.Жолтаев, Ә.Мақсатбаев, Н.Ақтаев, М.Бекпейісов, Т.Өтенова, І.Дәулетхан сынды өнерпаздар көрерменге рухани азық сыйлады.

Жиенбай жырау жыр мектебінің көрнекті өкілі, жырау, әнші, сазгер, күйші Айнұр Ешбаеваның 50 жылдығына арналған танымдық еске алу кеші өтті. Ол 22 жасында өмірден озған жалынды жас жыршы. Өмірі қысқа болса да, қазақ жыр өнеріне айрықша үлес қосып, қалың жұртқа кеңінен танылды.

Сондай-ақ Жыраулар үйінде қазақтың жыраулық дәстүрін ЮНЕСКО-ның адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының репрезентативтік тізіміне енгізу мақсатында түсірілім өтті.

Бұл игі бастаманы «Қазақстандық қоғамдық даму институты» КЕАК жүзеге асырып отыр. Жобаны өнер зерттеушісі, жырау, ҚР Мәдениет қайраткері Эльмира Жанабегенова және оның шығармашылық түсірілім тобы жүргізіп, Сыр өңірінің жыраулық мектебінің өкілдері, термешілер мен өнер зерттеушілері қатысып, жыраулық дәстүрдің мәні мен сабақтастығы туралы ой бөлісті. Сонымен қатар өнер мен мәдениеттің насихатшысына айналған өнер ордасында Мәдениет саласының үздігі Марат Сүгірбай мен «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының иегері Күнсұл Түрікпеннің «Бес ғасыр жырлайды» атты жыр кеші өтті. XII–XXI ғасырлар аралығында өмір сүрген бабалар мұрасынан бастау алған жырлар домбыраның қоныр үнімен жаңғырып, көрерменді терең рухани шабытқа бөледі.

Гайһар ҚОЖАХМЕТОВА

ОТБАСЫМ – МЕНІҢ БОЛАШАҒЫМ

Жаза басып, темір тордың ар жағындағы өмірді көрген жандарды қоғамға қайта бейімдеу үшін түрлі психологиялық тренингтердің пайдасы зор. Себебі тренинг барысында жазасын өтеушілер өздерінің жан сырымен бөлісіп, қоршаған ортамен қарым-қатынасын нығайта түседі. Осы мақсатта «Қылмыстық жазасын өтеген адамдарды әлеуметтік бейімдеу мен оңалту орталығы» коммуналдық

мемлекеттік мекемесінде пробация қызметі есебінде тұрған азаматтардың қайта әлеуметтенуіне, ішкі ресурстарын қалпына келтіруге және мінез-құлқын түзетуге бағытталған «Менің отбасым – менің болашағым» тақырыбында тренинг өтті. Тренингке 15 адам қатысты. Тренингке қатысушылар 3 түрлі «Қылмыстық жазасын өтеген адамдарды әлеуметтік бейімдеу мен оңалту орталығы» коммуналдық

арқылы білдіртті. Тренинг соңында қатысушылар өзара пікір алмасып, белсенділік танытты.

Зарина БИСЕКОВА,

«Қылмыстық жазасын өтеген адамдарды әлеуметтік бейімдеу мен оңалту орталығы» КММ психологы

Әлемді бағындырғым келеді

Жақында Біріккен Араб Әмірліктерінде өткен Халықаралық «Jas juldzy» өнер байқауында дүние жүзінің түкпір-түкпірінен келген талантты өнерпаздар бас қосты. Дүбірлі додаға қазақ өнерінің мерейін асырып, өңірдің абыройын биікке көтерген жас домбырашы №222 Тұрар Рысқұлов атындағы қазақ орта мектебінің 9 «В» сынып оқушысы, Достық үйі жанындағы домбыра үйірмесінің мүшесі Ақберген Серікбай. Оннан аса мемлекеттен келген үміткерлер арасынан озып шығып, бас жүлдені жеңіп алды.



Әсіресе әлемнің әр түкпірінен келген мықтылар арасында өз орнында дәлелдеу оңай емес. Соған қарамастан Ақберген үлкен жауапкершілікті сезіне отырып, бабында өнер көрсете білді.

– Шетел сахнасына шығу – үлкен жауапкершілік. Бұл менің шетелдік байқауға екінші рет қатысуым. Әдепкіде қобалжу болды. Бірақ өзімді қолға алып, бар күш-жігерімді салдым. Нәтижесінде ең жоғары көрсеткіш көрсете алдым. Мен үшін бұл үлкен тәжірибе, – дейді жас домбырашы.

Әрбір талантты шәкірттің артында оны қолдап, бағыт-бағдар беріп, сенім артқан ұстаз тұрады. Ақбергеннің жетістікке жетуіне домбыра үйірмесінің жетекшісі Бақдәулет Бактыбайұлының да еңбегі зор.

– Ұстазым маған әрдайым қолдау көрсетіп, бағыт-бағдар беріп отырады. Алға ұмтылуға жігерлендіреді. Мен ұстазыммен мақтанамын, – дейді Ақберген.

Дайындық барысында да жас орындаушы табандылық танытып, аз уақыт ішінде күйді толық меңгерген.

– Бір айдың ішінде шығарманы толық меңгеріп, жоғары деңгейде орындай алдым. Бұл ең алдымен еңбектің, тәртіп пен шыдамдылықтың арқасы, – дейді ол.


Ақберген домбыраны жай ғана аспап емес, ұлт рухын көтеретін киелі мұра деп біледі.

– Домбыра – ата-бабамыздан қалған асыл қазына. Оның қоңыр үні жас ұрпақтың жүрегіне рух беріп, отансүйіштікке жетелейді деп ойлаймын. Сондықтан домбыраның бүгінгі жастар үшін маңызы өте зор, – дейді жас талант.

Өнер жолында талай белесті бағындыруды көздейтін Ақбергеннің арманы асқақ.

– Болашақта консерваторияға түсіп, үлкен оркестр құрамында өнер көрсетсем деймін. Әлемді аралап, домбырамен шетелді бағындырғым келеді. Менің мақсатым – қазақтың қара домбырасын әлемге таныту. Өнер жолын таңдаған адам шынайы болуы керек. Өмір мәңгі емес, ал өнер – мәңгі. Сондықтан өнерді қадірлеу керек. Ең бастысы, еңбектену, сену және ешқашан берілмеу, – дейді Серікбай Ақберген.

Жас домбырашының үлкен додадағы жарқын жеңісі оның талабы мен табандылығының айқын дәлелі. Бүгінгі жеңіс сол биіктерге бастайтын сенімді қадам. Ұлттық өнерді серік еткен Ақбергеннің таланты мен жігері қазақ домбырасын әлі талай төрге шығаратынына сенім мол.



Қымбатты достар, сүйікті «БалаTime» оқырмандары!

Мен білімге құштар Зияткер досыңмын! Келе жатқан Жаңа жыл құтты болсын! Бұл жаңа армандарға қанат бітіретін, алдымызға үлкен мақсат қоятын сәт.

Өтіп бара жатқан жылда біз бірге көп нәрсе үйрендік, талай қызық ақпаратпен ғибратты әңгімелер оқыдық. Алда бұдан да тамаша жаңалықтар күтіп тұр! Жаңа жыл жүректеріңізге қуаныш сыйласын! Жас достар, алдағы уақытта сіздерден қызықты ақпараттар, пайдалы кеңестер және шабыт сыйлайтын әңгімелер күтеміз.

Құрметпен, Зияткер

ҚАР ҚАЛАЙ ПАЙДА БОЛАДЫ?

Қар – аспандағы сиқырлы ұлпа сияқты! Бірақ ол жайдан-жай пайда болмайды. Аспанда бұлттар бар, ал бұлттардың ішінде көзге көрінбейтін өте кішкентай су буы болады. Егер күн қатты суық болса, сол су булары бірден кішкентай мұз түйіршіктеріне, мұнан соң қар ұлпасына айналады. Олар бір-бірінен ерекше, әр қар ұлпасының пішіні басқа, өйткені олар әртүрлі температура мен ылғалда пайда болады. Микроскоппен қарасан, қар ұлпалары гүлге, жұлдызға ұқсайды.

Есінде болсын! Әлемде бірдей қар ұлпалары болмайды. Әрқайсысы табиғаттың ерекше туындысы!

Аязда ауыздан неге бу шығады?

Қыста далаға шыққанда ауыздың ашсаң бу шығып тұратынын көрдің бе? Біздің деміміз жылы және ылғалды болады. Ал сырттағы ауа суық. Сыртқа шыққанда су буы кішкентай су тамшыларына айналады. Тамшылар бірігіп, ақшыл тұман сияқты бу болып көрінеді. Егер қыс қатты суық болса, тамшылардың кейбірі кішкентай мұзға да айналуы мүмкін. Сондықтан аязды күні сөйлескенде, күлімдегенде немесе ән айтқанда ауыздан бу шығып тұрғандай болып көрінеді.

Білесін бе? Жазда суық су құйылған бөтелкенің сыртында су тамшылары пайда болады. Бұл да қызық құбылыс! Бірақ ол бу емес, ауадағы ылғал салқын бөтелкеге тиіп, салқындап, суға айналады. Яғни бұл керісінше құбылыс: жылудан емес, суықтан пайда болады!

Қар қызықтары

Қыс десе, ең алдымен не еске түседі? Өрине – аппақ қар мен көңілді аққала! Ал енді қар туралы таңғаларлық рекордтарды білгің келе ме?

Ең үлкен қар ұлпасы!

Ең үлкен қар ұлпасы 1887 жылы АҚШ-та, Монтана штатында тіркелген. Оның диаметрі 38 сантиметр болыпты, ал қалыңдығы 20 сантиметрге жеткен. Бұл шамамен кәдімгі тәрелкеден де үлкен деген сөз!

Әлемдегі ең алып аққала!

2008 жылы АҚШ-тағы Мэн штатында адамдар нағыз рекорд жасады. Олар бойы 37 метрден асатын алып аққала тұрғызды. Бұл шамамен 12 қабатты үймен бірдей! Оны жасауға адамдар, техникалар, тіпті қрандар көмектескен екен. Мұндай аққала тіпті Гиннес рекордтар кітабына енген екен.

Шырша безендіру дәстүрі

Жаңа жылдық шыршаны әдемі ойыншықтармен безендіру дәстүрі бірнеше ғасыр бұрын пайда болды. Тарихшылардың пікірінше, безендірілген ең алғашқы шырша 1605 жылы қазіргі Францияның Эльзас аймағында қойылған екен. Кейін бұл дәстүр Еуропаға кең таралды. Ал шыршаны сәндітін өйнек шар ойыншықтары алғаш рет XVI ғасырда Германияның Саксония өңірінде жасалыпты. Бірақ ол кезде мұндай өйнек ойыншықтар тек байлардың шыршасында ғана болған. Жалпы жаңажылдық ойыншықтардың жаппай өндірісі тек XIX ғасырда басталған.

Алғашқы жаңажылдық ашықхат

Қазіргі кезде мерекелерде бір-бірімізге әдемі ашықхаттар мен құттықтау хаттар жолдау – қалыптасқан дәстүр. Ал ең алғашқы жаңажылдық құттықтау хаты 1843 жылы Ұлыбританияда басылған екен. Осыдан кейін тек Жаңа жылда ғана емес, басқа мерекелерде де арнайы безендірілген ашықхатпен құттықтау дәстүрі бүкіл әлемге таралды.

Бетті дайындаған
София ХАЙРУЛЛА

Сезімді «сөйлететін» үстел ойыны

– «Эмоция тілі» атты үстел ойынын жасау ойыңызға қалай келді?

– Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» романын оқыған соң идея келді. Сол шығармада кездесетін тұрақты сөз тіркестерінің көп екеніне және олардың эмоцияны өте әсерлі жеткізуіне назар аудардым. Оқырман ретінде эмоциялық тіркестерді толық түсіну қиын екенін байқадым. Мысалы, достарыма сол тіркестердің мағынасын түсіндіру оңай болмады. Сондықтан мен осы мәселені зерттеп, эмоцияны білдіретін тұрақты тіркестерді түсіндіруді ойын түрінде ұсынуды жөн көрдім.

– Бұл ойын арқылы тілге қатысты қандай мәселені шешуді мақсат еттіңіз?

– Сыныптастарым тұрақты тіркестердің мағынасын толық түсінбей, әрбір қажет сөз тіркесінің мәнін іздеп, сөздікке жүгінетін. Яғни тілді терең меңгеру, шығарманы түсіну кейбір оқушылар үшін қиын. Менің мақсатым – осы мәселені шешу. Сондықтан тұрақты тіркестерді ойын арқылы меңгертуге тырыстым. Мұндай тәсіл тұрақты тіркестерді жаттауды жеңілдетіп, тіл байлығын арттыруға көмектеседі деп ойлаймын.

– «Ұшқан ұя» шығармасын оқу барысында байқаған қиындықтар жобаны дамытуға қалай әсер етті?

– Шығармадағы кейбір тұрақты тіркестерді толық түсінбей қалған балалар кітаптың мазмұнына терең бойлай алмады. Мен осыған назар аударып, эмоцияны білдіретін тұрақты тіркестерді зерттеу жұмысын бастадым. Ең күрделі кезең – эмоциялық тұрақты тіркестер туралы ғылыми еңбектерді іздеп тауып, зерделеу болды. Қазақ тілі біліміндегі фразеология саласында бұл тақырыпты зерттеген зерттеушілердің еңбектеріне қарағанымда, кейбір тұстарын түсіну қиынға соқты. Жетекшілерім Ақбота Серікқызы мен Гүлзат Бұрабайқызының ақыл-көнесі мен көмегі аса маңызды болды. Олардың қолдауымен мен мағынаға бай, күнделікті қолданыстағы тұрақты тіркестерді таңдадым.

– Тұрақты тіркестерді қалай іріктелдіңіз?

– Мен эмоция мен көңіл күйді нақты ашып көрсететін, күнделікті өмірге жиі қолданылатын және оқушылар үшін танымдық тұрғыдан қажет тіркестерді таңдауға тырыстым. Мысалы, қуаныш, реніш, қорқыныш, ашу сияқты сезімдерді бейнелейтін тұрақты тіркестерді таңдап алдым. Бұл тек сөз тіркесі ғана емес, адамның ішкі толғанысы мен көңіл-күйін жеткізетінін тілдік ерекшелік ұқты. Тұрақты тіркестер оқушыларға эмоцияны өз тілінде еркін жеткізуге әрі қызығушылықты арттыруға көмектеседі деп сенемін.

– «Эмоция тілі» ойыны оқушыларға қазақ тілін үйренуге қаншалықты көмектеседі және сабақта қолдану қаншалықты тиімді?

– Бұл ойынның бір артықшылығы – оқушылардың сөздік қорын байытады, әрі қазақ тілінде дұрыс, көркем сөйлеп үйренуге көмектеседі. Сабақта осы ойынды қосымша ретінде қолданған кезде балалар мәтіннің мазмұнын терең түсініп, пікірталасқа белсенді қатысады. Мен сыныптастарыммен бұл ойынды ойынап көрдім. Олар қызыға қабылдап, ойынның арқасында тұрақты тіркестерді тез жаттап алғанын айтты. Жалпы айтқанда, «Эмоция тілі» оқушыларға сөз мағынасын түсінуде қызықтырушы құрал ретінде пайдалы болды.

– Республикалық кезеңге қандай жаңашылдықтармен барасыз? Ойынның онлайн форматындағы нұсқасын жасау жоспарыңыз туралы айтып берсеңіз.

– Жетекшілеріммен бірлесіп «Эмоция тілі» ойынын онлайн жоба ретінде жасауға ниеттіміз. Нақты айтқанда, ойынның компьютерлік нұсқасын әзірлеуді жоспарлап отырмыз. Сонымен қатар болашақта бұл платформаға басқа да әдеби шығармалардағы тұрақты тіркестерді мағынасымен бірге енгізіп, оқушылар мен оқырман қауымға арналған қосымша материал шығару ойымызда бар. Яғни онлайн бағдарламамыз оқушыларға қазақ әдебиетінің әртүрлі шығармаларынан эмоциялық фразеология гизмдерді жинақтап, оларды ойын форматында меңгеруге мүмкіндік береді. Алдағы уақытта қазақ тілінің мақал-мәтелдері мен шешендік өнеріне қатысты жобаларды қолға алғым келеді.

– Осындай жобаға қызығушылық танытқан оқушыларға қандай кеңес берер едіңіз?

– Ең бірінші, өз идеяңызға сеніңіз. Өзіңізді қызықтырған тақырып бойынша көп кітап оқып, тың деректерді зерттеңіз. Ең бастысы, қорықпау және өз күшіңізге деген сенім.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-І.

«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарсымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру несінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 3978 Тапсырыс №2212

Нөмірдің кезекші редакторы Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА

Меншік иесі:



жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА